

*Тексерілді:*

*«Нұрби» «Мектеп-бағамалы-бағабаспа»  
кешені меңгерушісі **Мираманова М.А.***



# **АШЫҚ ОҚУ ҚЫЗМЕТІ**

*Тақырыбы: Ер есімі- ел есінде!*

*Орындаған: Райымбаева А.О.*

**Жүргізуші:** Құрметті қанақтар, әсем әріптестер және балалар! 9 мамыр жеңіс күніне арналған жұлдыз тобының Ер есімі-есімі ел есінде атты мерекелік ертеңгілігіне қош келдіңіздер (Қ.Р. Әнұраны)

1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия Совет Одағына шабуыл жасады. Ел басына қиын-қыстау күн туған сол отты жылдары басқа ұлт өкілдерімен бірге қазақ халқының небір жаужүрек батырлары барлығын дәлелдеп берді. (Соның арқасында жеңіске жетті)

**Көрініс:** «Соғыс қасіреті»

**Радиодан:** «Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар»- деген дауыс естіледі.

**Жүргізуші:** Ел басына қиын-қыстау күн туған сол отты жылдары басқа ұлт өкілдерімен бірге қазақ халқының небір жаужүрек батырлары барлығын дәлелдеп берді. Атап айтақ Бауыржан Момышұлы, М.Ғабдулин Қ.Қайсенов Шығыстың қос шыңары аттанған Әлия мен Мәншүк т.б батырларымыз бар. Олардың ерліктері мәңгілік. Міне осы сұрапыл соғыс оның жеңіспен аяқталуы бүгінгі ұрпаққа үлгі жайында ақын әндер жыр шумақтарын жазды.

Ән: «Жеңіс туы желбіреп»

Кезекті балаларымыздың тақпақтарына береміз.

Ердің басы –ел үшін  
Арыма жаным садаға  
Бұлт жамылып, қар төсеп,  
Мен жатырмын далада.

Домбырада саусақтары жаралы,  
Жеңіс, жеңіс атам әнге салады.  
Шаршағанда аңсағанда жас шағым,  
Жеңіс деген сөзден ләззат алады.

Ағайлардан, апайлардан, інімнен,  
Жеңіс сөзін көп естідім мен бүгін.  
Сәл күбірлеп жеңіс, жеңіс деп едім,  
Жазылғандай әжем белі бүгілген.

Шығыстың қос шынары .  
Әлия, Мәншүк қайсар гүлі қазақтың.  
Ерлігіне таң қаламын ғажап тым.  
Солар төккен қызыл қанның арқасы,  
Қазақстан аспанында азат күн.

Ағалар саптан шықпасын,  
Аналар қабәқ шытпасын,  
Бақытқа жетіп бар адам,  
Сәбилер тыныш ұйықтасын.

Он сегізде соғыс атты от кешкен,  
Жараланып жас денесін оқ тескен,  
Аталарым, ардагерлер, болшы аман,  
Зейнетін көр бейнетіңнен мол кешкен.  
Жүрек біткен желпінсін жүйрік аттай,  
Сезім біткен серпілсін дамыл таппай.

Дәл бүгін өлең айтпай, ән шырқамай,  
Қандай жүрек қалғандай қанат қақпай.  
Жеңіс күні ардагерлер әперген,  
Желбіретіп қызыл туды көтерген.  
Туған елін жау қолында қалдырмай,  
Ерлікпенен ел парызын өтеген.

Шекарада солдат тұр,  
Ел бақытын қорғап тұр.  
Көңілденсін ағалар,  
Амандық хат жолдап тұр.

Би: «Сарбаздар»

**Жүргізуші:** Адам ешқашанда батыр болып тумайды. Айбындылық батырлық, ерлік

аспаннан түспейді. Табандылықтың атасы танымды тәрбиеден бастау алды, - деп даңқты батыр Б. Момышұлы айтқандай, Бұл жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Ер жүрек батыр аталарымыз бен апаларымыздың ерлігінің арқасында келді. Олардың ерлігін ардақтау біздің нарымыз. Солардың құрметіне, кезекті тақпақтарға береміз.

Бүгін жайнап жасарсын ана біткен,  
Асыр салып қуансын бала біткен.  
Жүректері жарылсын қуаныштан,  
Аяласын көңілі жақсы үмітпен.

Ардагерлер, ұзақ өмір сүріңдерші,  
Арамызда ардақ болып жүріңдерші!  
Құрметтейік жеңісті мамырдағы,  
Бақыттан рахаттанып күліңдерші!  
Ардагер аталарға мың алғыс!  
Қызығын сыйлаған бұл дүниенің.  
Келешек ұрпағының бақыты үшін,  
Батырлықпен қорғаған жаудан жерін.

Болдырмауға соғысты  
Тойлаймыз біз жеңісті.  
Қалалар келіп қалпына  
Құлпыра түсті жер үсті.  
Армиямыз айбынды,  
Армиямыз қаһарман.  
Қүзетеді ай нұрлы,  
Күн сәулесі Отанды.

Арылтып жаудан жерінді,  
Табанға жаншып өлімді.  
Жеңіспен желпіп өмірді,  
Оралды ерлер көңілді,  
Десеңдер бұл қай күні.  
Тоғызыншы мамыр күні!

Шекарада, күзетте,  
Қас қақпайды ағалар.  
Балбыраймыз төсекте,  
Біз алаңсыз балалар.

Батыр ұл есімдері ақталады  
Жыр болып жүректерде сақталады.  
Ғасырдан ғасырларға аңыз етіп,  
Ұрпағы мәңгі бақи мақтанады.

Жеңіс, жеңіс естіледі жалынды,  
Жеңіс, жеңіс қоңыраулар қағылды.  
Күн парақтар қып — қызыл боп ашылды.  
Жеңіс келген тоғызыншы мамырды.

Қыздардың орындауында би: «Катюша»

**Жүргізуші:** Табаны күректей төрт жыл бойы үлкен күш-қайрат көрсеткен және көпжығынға ұшыраған Совет Одағы фашистік Германияны 1945 жылы 9 мамырда жеңді, 22 жасар Рахымжан Қошқарбаев Рейхстаққа Жеңіс туын тікті.

Шүйінші халқым шүйінші!  
Шүйіншіге шүйінші!  
Шаттан ата-анамыз,  
Шаттан аға, баламыз  
Кек қайтарып фашистен  
Жеңдік жауды күресте  
Жасасын той мереке  
Ән: «Жеңіс тойын тойлаймыз»

Кезекті тақпақтарға береміз.

Фашистің күнін батырған,  
Сұрапыл соғыс біткен күн.  
Рейхстаққа Рахымжан,  
Жеңістің туын тіккен күн.

Сен құрметте оны!  
Түсіндің бе қарағым?  
Ол ақшаға сатқан жоқ,  
Тізеден кесіп аяғын.  
Еріккеннен ұстап жүрген жоқ,  
Қолындағы ұзын таяғын.  
Денесін оқ паршаласа да,  
Ел намысын қорғап қалды.  
Сен құрметте оны!  
Түсіндің бе, қарағым?  
Сенің келешегің үшін берді ол,  
Азаттық жолында аяғын.

Сияет солнце в день Победы,  
И будет нам всегда светить.  
В боях жестоких наши деды,  
Врага сумели победить.

Қара бұлтқа оранбасын күн көкте,  
Барлық халық бейбіт өмір сүрмекте  
Отанының бақыты үшін мерт болған  
Батырларды есінде ұста, құрметте!

Шынында бұл-оралған мыңнан бірің,  
Бақ нұрына жүзіңді туған күнің  
Жеңіс күні өзіңдей көзі тірі,  
Майдангерлер бәріңнің туған күнің.

Жадыраңқы бүгін қабақ ашылған,  
Жаса жеңіс мұң қайғыны қашырған.  
Мен жеңістің көріп тұрмын алауын,  
Жаңарладан алтын шуақ шашылған.

Сен неткен Отан-анам, ғажап едің,  
Әсемдеп көркем тілмен жазар едім,  
Болашақ ұрпағының бақыты үшін,  
Жайнай бер, ұлы Отаным-қазақ елім.

**Жүргізуші:** Міне соғыстың аяқталғанына ..... жыл болды. 9 мамыр-  
солкездегі Кеңес  
халқының ержүректілігі мен төзімтіліктерін паш ететін, тарихта мәңгі  
қалатын  
күн. Жеңістің шуақты күні құтты болсын! Елімізде  
тыныштық, бейбітшілік болсын!